

**Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 64/683 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 маусымда № 5879 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 ақпандағы № 3/37 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 25.02.2021 № 3/37 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы шешім 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Абай аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Абай аудандық мәслихатының хатшысы*

*В. Черепанов*

*Б. Цай*